

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

№2 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Қосбөлтек ауылы

22.04.2024ж.

Қатысқаны:32

Күн тәртібінде:

1.Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі туралы

Тыңдалды: меңгеруші өз сөзінде ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» бұдан әрі ҚР-сы Оқу-ағарту министрінің м.а 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен жаңа редакцияға байланысты мектепке дейінгі ұйымда жаңа қамқоршылық кеңес мүшелерін сайлау бойынша балабақша сайтына хабарландыру жарияланып оған балабақша тәрбиеленушілердің ата-аналары тарапынан қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібі бойынша екі ата-ананы сайлау керектігі айтылды.

Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңес төрайымы К.Қамбарова алып қамқоршылық кеңес жұмысты ұйымдастыруда мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналары немесе заңды өкілдері осы мектепке дейінгі ұйымның әрбір жастағы топтың тәрбиеленушілерінің бір ата-анасынан әрбір жастағы топтан екі ата-ананы сайлау ұсынылды. Оған ортаңғы топтың ата-анасы Н.Орынбасарова және кіші топтың ата-анасы А.Елғонды ұсынылып, бірауыздан комиссия мүшелігіне сайланды. Келесі жұмысты ұйымдастыруда құжаттар тізімін жинақтау керектігі айтылды. Оған ата-аналар тарапынан мақұлданды.

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша өз ойларын айту ұсынылды.

Ата-ана Н.Орынбасарова қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыруда және оны сайлау тәртібі бойынша мүшелікке сайланғанына қарсы еместігін және бірлесіп жұмыс жасайтынын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселені талдай келе, шешім етті:

1.Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібі бойынша ата-аналар тарапынан ортаңғы топ ата-анасы Н.Орынбасарова және кіші топ ата-анасы А.Елғонды бірауыздан сайланды.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Хатшы:  Мақсымханова Ф.